

Е.Б. Асанбаева*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: www.eldana@mail.ru)

Тілдік пәндерді оқытуда кино дискурсын қолданудың артықшылықтары

Мақала тілдік пәндерді оқыту барысында білім алушылардың тілдік дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуда кино дискурсының беретін мүмкіндіктері туралы сөз қозғайды. Еліміздегі білім берудің жаңартылған мазмұны аясында оқушылардың әр пән бойынша алған білімдерін өмірде қолданып, функционалды сауатты тұлға болып қалыптасып шығуына баса назар аударылады. Бұл тұрғыда тілдік пәндерді оқыту әдістемесі бойынша оңтайлы оқу құралдары мен әдіс-тәсілдерді табу үлкен өзектілікке ие. Автор мақалада тілдік пәндерді, соның ішінде қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын және сөздік қорларын дамытып, тілдің ұлттық-мәдени қырларын меңгерулері үшін кинофильмдердің атқара алатын әлеуетін ашып зерттеуді мақсат еткен. Зерттеу барысында кинофильмдерді дидактикалық оқу құралы ретінде қолданудың тиімділігі қарастырылып, бұл бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың тұжырымдарымен дәлелденді. Оқу үдерісінде кинофильмдерді дидактикалық құрал ретінде қолдану, біріншіден, білім алушылардың тақырыпты қабылдауын жеңілдетіп, олардың қызығушылығын арттырады әрі жаңа материалды жақсы есте сақтауға негіз болады, екіншіден, тілді шынайы әрекетте, дискурс аясында зерттеп тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кино дискурсы негізінде оқу үдерісін ұйымдастырудың психологиялық аспектісі мен лингводидактикалық мүмкіндіктері сараланды. Бір кинотуындының мысалында аталған дискурс түрімен ұсынуға болатын тапсырма үлгілері көрсетіліп, талданды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері тілді оның шынайы қолданыстағы кейпінде тануға, сол тілдің тасымалдаушылары саналатын халықтың ұлттық дүниетанымын, әлемнің тілдік бейнесін игеруге кино дискурсының айтулы үлес қоса алатынын көрсетті.

Кілт сөздер: кинодискурс, тілді оқыту әдістемесі, қазақ тілін оқыту, кинофильмдер дискурсы, лингводидактика.

Kipicne

Бүгінде еліміздің білім беру саласы түбегейлі өзгерістерді басынан кешіруде. Қазіргі заман талабына сәйкес оқушылардың теориялық білімге ие болуы ғана жеткіліксіз, ендігі кезекте олардың алған білімдерін шынайы өмірде қолдана алатын функционалды сауатты тұлға болып қалыптасуы басты назарда тұр. Осыған орай еліміздің білім беру жүйесі кезең-кезеңімен жаңартылған білім мазмұнына көшуде. Аталған мазмұнға сай білім алушылар тілдік пәндерді меңгеруде бұрынғыдай жаттанды ережелердің ауқымды көлемі мен олар бойынша берілген терме жаттығуларды орындамай, тілді дискурс аясында яғни шынайы өмір жағдайында үйреніп, коммуникациялық дағдыларын дамытады. Осы орайда оқытушылар сабақ жоспарын әзірлеуде білім алушылық, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарды емес, оқушылардың сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) жетілдіруге тікелей бағытталған тапсырмаларды дайындайды.

Білім мазмұнының осындай бетбұрысы жағдайында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру кезінде оқытушылар жаңа әдістер мен көмекші құралдарға жүгінуі керек. Білім алушылардың қызығушылығын оятып, сабақ тақырыбын қабылдауын жеңілдетуде әрі алға қойылған мақсатқа жетуде кинофильмдердің атқара алатын мүмкіндіктері зор.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақалада зерттеу материалы ретінде қазақ тілді бейнефильмдер алынды, соның ішінде қазақстандық «Біржан сал» кинотуындысының негізінде қазақ тілін оқыту үдерісінде ұсынуға болатын тапсырма үлгілері қарастырылып, талданды. Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: www.eldana@mail.ru

Негізгі бөлім

Кино — қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналған күрделі құрылым. Жасы да, кәрісі де, еңбектеген сәби де, еңкейген қарт та көгілдір экранға телміріп, сан алуан кинотуындыларды қызыға қарайтыны белгілі. Кинофильмдер көбіне-көп өмірде болатын жағдайларды көрсетіп, көрермендеріне ой салып, қандай да бір іс-әрекетке не тұжырымға итермелейді. Алайда өнердің бұл туындысын педагогикалық үдерісте тиімді пайдаланып, оң нәтижелерге қол жеткізуге болатындығы өткен ғасырдың соңынан бастап қана назарға алынып, зерттеле бастады.

Қазақтың тұңғыш педагог-ғалымдарының бірі Жүсіпбек Аймауытов: «...әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн», – дей келе, тілді дұрыс үйретудегі басты қағидаларды атап өтеді. Солардың алғашқы екеуі: «1) Бала әуелі затты, нәрсені көру керек. Оны көрген бала сол зат туралы айтады, яғни сөйлейді. Сондықтан тыңдау, сөйлеу процесі алғашқы болады да, оқу, жазу кейінгі болуы қажет; 2) Баланың өз бетімен сөйлеуіне көп мүмкіндік беру керек. Сондықтан материал бала ұғымына сәйкес болып: өмір кітапқа қарай емес, кітаптар өмірге бейімделіп жазылсын» [1; 8]. Осы кездің өзінде Алаш арысы жазып өткен қағидалар оқушылардың құрғақ материалды оқып қоймай, бірінші көріп, тыңдап барып, кейін оны ой елегінен өткізген соң ғана оқу, жазу керектігін, оқу материалдарының балалар үшін қызықты етіп икемделіп жасалуға тиістігін басты назарға алған. Бұл орайда кинотуындылардың аталмыш талаптарға сәйкес келетіндігін атап өтуімізге болады.

Кинофильмдердің дидактикалық мүмкіндіктері зор: сабақ кезінде оқушыларға/студенттерге қандай да бір бейнефильмнен үзінді көрсету олардың өтетін материалды (кейде бейсаналы түрде) есте сақтап қалуына негіз болады. Одан басқа көрермендердің эмоционалды және зияткерлік әрекеттерін белсендендіріп, пікірталасқа қатысып, ой бөлісу (сөйлеу әрекетіне қатысу) уәжін тудырады. Ал кинофильмдердің эстетикалық сипатын айтпаса да болады. Аталған құрылымның осындай сан қырлы табиғаты оны оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін зерттеуге негіз болды. Ғалымдар оны «оқу әрекетінің түрлерін құбылтып» [2; 188], «білім алушылардың мәдениеттанымдық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін» [3; 155] «оқу процесін ынталандыратын генератор» [4] деп атап көрсетеді.

Осыған дейін мектеп қабырғасында болсын, жоғары оқу орнында болсын бейнефильмдер сабақ барысында қолданылмады деуге болмайды. Олар бұрын да қолданылды, десе де ол кезде оқытушылар бейнероликтерді сабақ барысында көбіне-көп дәріс не тақырып материалына қосымша, көркемдегіш құрал ретінде пайдаланды. Ал біз ендігі кезекте кинотуындыларды тілдік пәндерді оқытуда білім алушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіріп, тілдік тұлғасын қалыптастыру әлеуеті жоғары оқу материалы ретінде қарастыруды жөн санаймыз.

Сабақта кинофильмді қолданудың негізгі екі мақсатты бағдарын атап өтуге болады: біріншісі — фильмді жалпы (тұтас) қабылдау және екіншісі — «берілген нәрсені қабылдау» [5; 77]. Тілдік, коммуникативті пәндерді оқытуда мақсаттың екінші түрін қолдану тиімді, себебі ол оқу үдерісінің жүйелі әрі нақты болуына көмектеседі және білім алушылардың назарын неге шоғырландыру керектігін бірден айғақтайды.

Тілдік пәндерді оқытуда, әсіресе шетел тілі сабағында бейнефильмдерді қолданудың оңтайлы тұстары көп. Себебі тіл үйренушілер (тілді меңгерудің қандай деңгейінде екеніне қарамастан) оны қызықсыз ережелер мен «білу», «түсіну» деңгейіне арналған тапсырмалар шегінде, қағаз бетіндегі «жансыз» қалпында оқып үйренуден гөрі кино дискурсы негізінде шынайы өмірлік аяда көріп, тыңдап, түсініп үйренсе, тілді меңгеру үдерісі анағұрлым қызықты әрі жылдам жүреді. Мысалы, қандай да бір тілді екінші тіл ретінде үйрететін пәндерде білім алушылар бейнефильмдерді көру арқылы сол тілдегі сөздердің дұрыс дыбысталуы (орфоэпиясы), ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктер, сөйлемдерді дұрыс құру тәртібі, сөздердің ауыспалы мағынадағы қолданысы және басқа да көптеген мәселелерді дискурстық мәтіндер шеңберінде танып біледі.

Қандай да бір тіл білімінің түрлі салалары бойынша арнайы пәндерде не мектеп бағдарламасындағы аталған салаларға қатысты сабақтарда да кинофильмдерден келтірілген үзінділер таптырмас құрал болатыны хақ. Айталық, фонетикада сөздерді дыбыстаудағы түрлі фонетикалық құбылыстар, үндестік заңы, интонация, екпін түрлері; сөзжасамда мәнмәтіндегі туынды сөздердің жасалу жолдары, олардың сөзжасамдық тәсілдері мен типтері; морфологияда сөздердің түрлену ерекшеліктері, олардың сөйлемдегі бір-бірімен байланысы; синтаксисте сөйлемдердің құрылымы мен айтылу сазына қарай құрылу ерекшелігі, күрделі синтаксистік тұтастық, контекст т.б. мәселелерді кітап бетіндегі мә-

тіндерде емес, шынайы тілдесім аясындағы жағдаяттық кино дискурсы негізінде меңгеру тақырыпты түсіну және қабылдау үдерісін анағұрлым жақсартатыны айдан анық.

«Қарым-қатынас теориясына кіріспе», «Сөйлеу мәдениеті», «Іскерлік коммуникация» сияқты жоғары оқу орындарындағы арнайы пәндерде де кинофильмдер оқытушыға сабақты қызықты әрі тиімді өткізуге көп мүмкіндік береді. Кинотуындыдан келтірілген үзіндіні тамашалаған студенттер ондағы кейіпкерлердің сөйлеу әрекеті барысында өздерінің бастапқы тілдесім мақсатына сай тілдік және тілдік емес (ым-ишара) құралдарды қолдану ерекшеліктері, олардың реципиентке әсері, қарым-қатынас орнатудағы қателіктер, стилистикалық бояма лексиканың қолданысы, тілдесім әрекетіндегі экстралингвистикалық факторлар сияқты сөйлеу әрекетінің шынайы коммуникация барысындағы көптеген қырларын танып біліп, талдап үйренеді.

Сонымен көріп отырғанымыздай, оқу үдерісінде кинофильмдерді дидактикалық құрал ретінде қолдану, біріншіден, білім алушылардың тақырыпты қабылдауын жеңілдетіп, олардың қызығушылығын арттырады әрі жаңа материалды жақсы есте сақтауға негіз болады, екіншіден, тілді шынайы әрекетте, дискурс аясында зерттеп тануға мүмкіндік береді. Мұндайда көрермен рөліне енетін оқушылар тыңдалым әрекеттерін жетілдіріп, аудиовизуалды түрде қабылдаған мәтіннің мазмұнын түсініп қана қоймай, эстетикалық, рухани, тәрбиелік тұрғыда да байиды. Және сабақ мақсаттарына сай кинотуындыда көрініс тапқан дискурстың тілдік табиғатын, онда қолданылған түрлі лексикалық, стилистикалық т.б. бірліктердің қызметін анықтап, талдап үйренеді. Осылайша тілдік пәндерді оқытуда кинофильмдер зор лингводидактикалық әлеуетке ие әрі оқу үдерісінің таптырмас құралы бола алатындығына көз жеткіземіз.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Кино дискурсын қолданудың психологиялық негіздері

Кинофильмдерді оқу үдерісінде мақсатты түрде қолданудың басты артықшылықтарының бірі сабақта оң психологиялық-эмоционалды ахуалды тудыруында. Білім алуда болсын, өмірдің кез келген саласында болсын қандай да бір мәселе жеке тұлғаның бойында белгілі бір эмоцияларды тудырып, назарын өзіне аудара білгенде ғана ол үшін маңызды болады. Эмоция және уәждеме психологиясы бағытындағы шетелдік ғалымдардың зерттеулері адамның назарын бір нәрсеге аударып шоғырландырушы күш (аффект) қызығушылық сезіміне тән екендігін, ал келесі бір оң эмоция — қуаныш конструктивті және шығармашылық ойлау әрекетін тудыратындығын көрсетеді [6; 29]. Аталған сезімдер білім алушылардың оқу әрекетіндегі оң тұрақты уәждемесін қамтамасыз етеді. Ал уәждеме — кез келген пәнді, әсіресе шетел тілін меңгеруде оқудың табысты өтуінің бірден-бір кепілі.

Оқу үдерісін білім алушыларға психоэмоционалды тұрғыда қолайлы етумен қоса оны табысты етудің тағы бір сыры — қабылдауға жеңіл ету. Оқытудың тиімді өтуі ақпаратты қабылдау кезінде адамның бойындағы барлық сезім мүшелерінің іске қосылуына байланысты екендігі ғалымдармен дәлелденді. Материалды қабылдау кезінде неғұрлым көп сезім мен түйсік қатысса, ол соғұрлым жақсы игеріледі. Бұл заңдылық Я. Коменский теориялық негізін қалап кеткен көрнекілік дидактикалық қағидатында көрініс табады [7]. Ғалым: «То, что нужно знать о вещах, должно быть преподаваемо посредством самих вещей, т.е. должно, насколько возможно, выставлять для созерцания, осознания, слушания, обоняния и т.п. сами вещи, либо заменяющие их изображения», — дей келе, қоршаған әлемнің қыр-сырын өскелең ұрпаққа оқытуда олар туралы жалаң сөзбен айтып, том-том материалды оқытудан гөрі сол заттардың өзін тамашалап, ұстатып, шынайы өмірдегі қолданысын көрсету керектігін тілге тиек етеді.

Көрнекілікті білім беру үдерісінде оңтайлы қолдану үшін ол тек белгілі бір тақырыпқа қатысты сурет болмай, жаңа білім көзі, қоршаған әлемді тану құралы ретінде ұсынылуы керек. Бұл ретте кинофильмдердің айрықша табиғаты аталмыш міндеттерді дәл орындауға негіз болатындығын атап өтуімізге болады. Көрнекілік құралы ретінде бейнефильмдер білім алушыларды сол ұлттың тұрмысы мен мәдениетіне тән елтанымдық мәліметтермен таныстырып, психология, әлеуметтік қарым-қатынас сияқты өмірдің түрлі жайларынан білім беріп, жалпы дүниетанымын арттырады.

Көрнекілік назарды шоғырландыруда маңызды рөл атқарады, ал ол, өз кезегінде, барлық психикалық үдерістердің маңызды шарты болып келеді. Жеке тұлға назарын шоғырландыру кезінде сананы, зейінді қандай да бір затқа не құбылысқа бағыттайды. Бұл әрекет көру және есту арқылы қабылдаумен тығыз байланысты.

Тілдік пәндерді оқыту кезінде аудиовизуалды материалдарды, соның ішінде кинофильмдерді білім көзі, оқытудың негізгі құралдарының бірі ретінде қолданудың астарында күрделі психикалық

үдерістер жатыр. Педагог білім алушылардың сезім мүшелеріне қатты әсер етіп, олардың психикалық қызметтерін өзгертетін қоздырғышты сыныпқа «әкеледі» және барлық сабақты соның төңірегінде жүргізеді. Мұндай «қоздырғыштың» негізінде алынған білім көру және есту механизмдерінің іске қосылуын талап етеді, ал бұл, өз кезегінде, тақырыпқа қатысты мейлінше толық әрі нақты ақпарат алуға негіз болады.

Жаңа тілді меңгеру үдерісінің табысты болуы үшін оны оқып үйрену кезінде мейлінше көп түйсік түрлерінің қатысуы маңызды. К.Д. Ушинский: «Чем более органов наших чувств принимают участие в восприятии какого-нибудь впечатления или группы впечатлений, тем прочнее ложатся эти впечатления в нашу механическую, нервную память, вернее сохраняются ею и легче потом вспоминаются», – дей келе, барынша көп сезім мүшелері мен түйсік негізінде қабылданған білімнің жетік меңгерілетіндігін айтып өтеді [8; 30-60].

Техникалық оқу құралдарын қолдану кезінде оқу мақсатына жетудегі маңыздылығы мен тиімділігі бойынша бірінші орында көру-есту негізіндегі кешенді қабылдау, одан кейін көру түйсігі және соңғы орында есту арқылы қабылдау түрі орналасады [8]. Қоздырғыштардың бірнеше түйсік түріне әсер етуі үлкен эмоционалдылық пен психологиялық әлеуетке ие. Сондықтан оқушы бейнефильмнің көмегімен материалды қабылдау кезінде ерекше ақпарат ағынының әсеріне түседі. Ол тыңдалым дағдысы негізінде жаңа ақпаратты қабылдап, тіл үйренсе де, одан бөлек негізгі түйсік — көру арқылы белсенді ойлау әрекеттерін іске қосады. Мұндай жағдайда реципиенттің сезімдік ойлаудан логикалық ойлауға көшуі жеңіл болады. Осының негізінде білім алу үдерісі анағұрлым қызықты, жеңіл әрі қолайлы өтеді.

Қабылдау үдерісіне есту түйсігімен қоса көру қызметінің қосылуы оқу уақытын үнемдеп, тіл үйренушілерге берілетін ақпарат көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Ғалымдардың зерттеуі адамның сезім мүшелері сыртқы қоздырғыштарға әр түрлі деңгейде жауап беретіндігін көрсетеді. Адамдардың көбінде көру мүшелері жоғары сезімталдыққа ие: олар есту мүшелеріне қарағанда миға 3-5 есе, ал тактильді (жанасу, дене арқылы сезіну) мүшелерге қарағанда 13 есе көп ақпарат жеткізеді. Сәйкесінше, есте сақтаудың басқа түрлеріне қарағанда адамда көру есі анағұрлым жетік дамыған [9].

Көрнекілік, әсіресе есту және көру қабылдауын ұштастырған кезде, назар аударуды күшейтіп, ойлау үдерісін белсендендіруге көмектеседі, жадының дамуына ықпал етеді. Есте сақтау оқыту үдерісінің, ойлау және еңбек әрекетінің, өмірлік тәжірибе жинақтаудың міндетті шарты саналады.

Бір сарынды жұмыс балалармен қатар ересек адамдарды да зеріктіріп, назарын шашыратып алатындығы белгілі. Сол себепті оқу үдерісінде білім алушыларға қызмет әрекеттерін ауыстырып, материалды қызықты түрде меңгертуге баса назар аудару керек. Демек, тілді оқыту бағдарламалық материалды терең игеруге ғана бағытталмай, реципиенттердің психологиялық қабылдауына қолайлы, қызықты әрі танымды болуы шарт. Кинофильмдердің көрнекі әрі әсерлі табиғаты оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады және оқыту процесін жеңіл етеді. Оқытушы сабақты жоспарлаған кезде бейнефильммен жұмыс жасаудың түрлі формалары мен жаттығуларын қолдана алады. Көрнекілік қызметінің арқасында тіл үйренушілердің оқуға деген қызығушылығы артып, ақпаратты қабылдауы жеңілдейді, сондай-ақ психологиялық оң ахуалдың негізінде өздік жұмыс жасауға деген ынтасы артады.

Көру арқылы қабылданған деректер сөзбен түсіндіруге қарағанда жақсы меңгеріледі. Одан бөлек кейбір визуалды хабарларды мүлде сөзбен ауыстырып жеткізу мүмкін емес. Бейнефильмдердің визуалды-көрнекі сипаты жадының жұмысын жеңілдетіп, сөйлеу ағынын саралауға және ақпаратты нақты әрі толық қабылдауға мүмкіндік береді.

Бейнефильмдердің тағы бір оң қыры олардың анализ және синтез қызметтерін атқаруға негіз болуында: көрермен ондағы оқиғалар не құбылыстарды бірде жеке, бірде тұтас қабылдап, бір-бірімен салыстырып не біріктіріп, ой елегінен өткізе алады. Соның негізінде оның логикалық, сыни ойлауы дамиы. Адам миында мұндай әрекеттердің жүруі білім алу, тіл үйрену үдерісінің жемісті болуына оң әсер етеді.

Тілдік пәндерді оқытуда кинофильмдерді қолданудың жоғарыда аталған психологиялық, эмоционалды ерекшеліктері олардың оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетіп, білім алушылардың уәждемесін арттыруға әрі оң эмоционалды ахуал тудыруға негіз болады. Кез келген тілді игеруде грамматикалық нормаларды меңгерту, түрлі педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданудан гөрі білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, тұрақты уәждемесін қалыптастыру оқу мақсатына қол жеткізуде анағұрлым тиімді. Осыған орай тіл үйренушілердің көру және есту түйсіктерін қатар

жұмылдырып, күрделі ойлау әрекеттерін тудыратын әрі тілді шынайы дискурс аясында игеруге жағдай жасайтын кинофильмдерді сабақта қолданудың маңызы зор.

Кино дискурсын қолданудың лингводидактикалық мүмкіндіктері

Тілді оқыту үдерісінде кинофильмдерді қолданудың мынадай артықшылықтарын атап өтуімізге болады:

- Білім алушылардың қызығушылығын тудырып, назарын шоғырландыруға септігін тигізеді;
- Жаңа ақпаратпен жұмыс жасау уәждемесін арттырып, материалды қабылдау үдерісін жеңілдетеді;
- Логикалық, сыни ойлау, аналитикалық талдау жүргізуге түрткі болады;
- Тілді шынайы қолданыста, дискурс аясында меңгеруге негіз болады;
- Материалдың есте жақсы сақталуына ықпал етеді;
- Бейнефильмдер ақпараттық тұрғыда «салмақты»: олар көрермендерге шағын сюжет арқылы көлемді ақпарат жеткізе алады;
- Тілдік бірліктердің мағыналық ерекшеліктерін көрсетумен қатар ұлттық таным, мәдениет, сол халыққа тән әлемнің тілдік бейнесінен көрініс береді;
- Эстетикалық, адамгершілік, ұлттық, патриоттық т.б. тәрбие береді.

Кинофильмдердің осындай артықшылықтарын пайдалана отыра, студенттерге қазақ тілін оқыту үдерісі жақсы нәтижелерді көрсетеді. Бұл ретте жүргізілетін әдістемелік жұмыстарды мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Тыңдалым және айтылым дағдыларына арналған жаттығулар;
- Жазылым дағдысын дамытуға арналған жұмыстар;
- Сөздік қорды молайту бойынша жұмыстар;
- Грамматикалық нормаларды бекітуге арналған жаттығулар;
- Елтанымдық бағыттағы жаттығулар.

Мысал ретінде «Біржан сал» фильмінен үзінді көрсетіп, ол бойынша қандай жаттығулар жасауға болатынына тоқталайық.

Тыңдалым және айтылым қатар жүргендіктен, бұл дағдыларға арналған көптеген қызықты тапсырмаларды ұсынуға болады. Мысалы:

- Сыни, логикалық ойлауға түрткі болатын проблемалық сұрақтар (Біржан салдың ағасы өзінің сөзінде «Бай — байға, сай — сайға» деген мақалды қолданады. Бұл мақалдың мағынасын қалай түсінесіз? Онымен келісесіз бе?);
- Бір кейіпкердің рөліне кіру/ сахналау (Біржан салдың не Ләйлімнің орнында болсаңыз, сіз не істейтін едіңіз?);
- «Үшінші» жақтың пікірін білдіру, баға беру, сын айту т.с.с. (Қос ғашықтың досы, шынайы махаббаттың қолдаушысы ретінде Сіз Біржан мен Ләйлімге бұл жағдайда қандай кеңес беретін едіңіз?);
- Пікірталас өткізу (Біржанның жасаған таңдауы дұрыс па, бұрыс па?).

Осы сияқты кинофильмдерді көрген студенттерде қызу талқы, сан түрлі пікір пайда болып, олар өз ойларын ортаға салғысы келеді. Осындай жаттығулар оларға тілдік білімдерін іс жүзінде көрсетіп, сөйлесімге түсуге негіз болады.

Жазылым дағдысын дамытуға арналған жұмыстар да әр алуан болуы мүмкін. Солардың ішінде әмбебап үлгілері мыналар:

- Басты кейіпкерлерге мінездеме беру;
- Тақырыпқа сай эссе-талдау жазу («Шын ғашықтар қосыла алмайды» дегенмен келісесіз бе?);
- Шығармашылық жазу жұмыстары (Біржан сал мен Ләйлімнің кейінгі өмірлері қалай жалғасты деп ойлайсыз? Оқиға желісін өз ойыңыздан жалғастырып көріңіз).

Студенттерге қызықты кинофильм көрсетіп, олардың қиялдарына ерік беріп, түрлі шығармашылық жазу жұмыстарын орындау мүмкіндігін берсе, олар бар тілдік білімдерін қағаз бетіне түсіріп қана қоймай, қосымша ізденіп, мейлінше сәтті шығарма жұмысын жазып шығуға тырысады.

Кез келген тілді меңгертуде ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе — сөздік қорды қалыптастырып, дамыту. Қазақ тілін меңгеруде студенттердің жаңа сөздер мен сөз тіркестерін мейлінше жақсы есте сақтап, болашақта оларды коммуникацияда қолдануларына кинофильм мәтінімен жұмыс жасау жақсы негіз болады. Ол үшін мынадай тапсырма үлгілерін ұсынуға болады:

- Бейнебаянда қандай еркелету, қарату мағынасындағы сөздер қолданылады? Олар кімге айтылады және қандай мағына білдіреді? Одан басқа қазақ халқына тән қандай қаратпа сөздерді білесіз? Өзіңізге қайсысы ұнайды, неліктен?
- Мына сөздер кинофильмнің қай кезеңінде қолданылды? Сол кездегі оқиғаны мазмұндап, берілген сөздің мағынасын ашыңыз. Бұл сөздерді қатыстырып сөйлем құрастырып, өзіңіз білетін синонимдермен ауыстырып көріңіз: *тақым, тарту-таралғы, салтанат, бүлік, залал, серт, қанжар*;

Мұндай тапсырмалардың кейбірінде елтанымдық аспектінің қатар жүретіндігін байқауымызға болады. Кез келген тілді меңгеруде жалпы білімдік, грамматикалық ақпарат берілумен қатар елтанымдық, ұлттық-мәдени ақпараттың да берілуі өте маңызды. Бұл сол халықтың өзіне тән дүниетанымдық ерекшеліктерімен таныстырып, тілді қолданудың экстралингвистикалық факторларынан аян етеді. Бұл бағытта оқытушыға тағы мынадай тапсырма үлгілерін қолдануға болады:

- Бейнебаянда қандай қоштасу формалары кездеседі? Оларды кімдер және қандай жағдайда айтады? Мұндай қоштасу түрлері арасында мағыналық/танымдық/ұлттық ерекшеліктер бар ма?
- Біржан салдың ағасы оған: «Не істесең де, ойлап істе! «Ел бүлігі» атанасың. Залалың бүкіл тұқымға тиеді» деген сөзінен және Біржанның Ләйлімен қоштасарда айтқан сөзінен қазақ халқының танымы мен мәдениетіне тән қандай ерекшеліктерді байқауымызға болады?

Мұндай тапсырмаларды орындау барысында студенттер түрлі тілдік бірліктердің этнолингвистикалық, ұлттық-танымдық қырларымен танысып, оларды жақсы есте сақтайды және өздері де сөйлесім барысында орынды қолдануға тырысады.

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай, қазақ тілін өзге тілді аудиторияға оқыту кезінде кинофильммен жұмыс жасауда сабақ мақсаты, тіл үйренушілердің қызығушылықтары мен тілді меңгеру деңгейі т.б. жайттарға сәйкес әр алуан тапсырмаларды түрлендіріп қолдану мүмкіндіктері шексіз. Соның ішінде, әсіресе тыңдалым, айтылым, жазылым дағдылары, сөздік қорды дамыту және елтанымдық білім беруге арналған жұмыстарда кинофильмдердің лингводидактикалық әлеуеті зор. Оны сабақ барысында қолдану білім алушылардың жаңа ақпаратты қабылдауын жеңілдетіп, тілді шынайы дискурс аясында танып білуге әрі тілдік тұлғаларын дамытуға үлкен негіз болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші / Ж. Аймауытов. — Орынбор: Қазмембас, 1924. — 288 б.
- 2 Планкова В.А. Практический аспект проблемы использования видеофильмов при обучении аудированию на старшей ступени обучения / В.А. Планкова // *Magister Dixit*. — 2011. — №4. — С.188–199.
- 3 Воробьева Г.В. Роль аудиовизуальных средств обучения в процессе преподавания русского языка как иностранного (из опыта работы) / Г.В. Воробьева, Л.А. Батурина // *Изв. ВолгГТУ*. — 2012. — №10. — С.153–155.
- 4 Beacco, J.C. Qu'est-ce que l'éducation plurilingue? Le français dans le monde / J.C. Beacco // *Janvierfevrier*. — 2008. No. 355. — P. 40–41.
- 5 Бегийович О.С. Кино в обучении иностранным языкам / О.С. Бегийович // *Вестн. ЮУрГУ. Сер. Лингвистика*. — 2009. — №2 (135). — С.75–77.
- 6 Зимняя И.И. Психология обучения иностранному языку в школе / И.И. Зимняя. — М.: Высш. шк., 1991. — 129 с.
- 7 Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. — Т. 1 / Я.А. Коменский. — М.: Учпедгиз, 1939. — 324 с.
- 8 Ушинский К.Д. Человек как предмет педагогической антропологии: Опыт педагогической антропологии / К.Д. Ушинский // *Педагогические сочинения: [В 6-и т.]*. — Т. 1. — М.: Педагогика, 1990. — 776 с.
- 9 Денисов В.Г. Авиационная инженерная психология: учеб. / В.Г. Денисов, В.Ф. Онищенко, А.В. Скрипец. — М.: Машиностроение, 1983. — 233 с.

Е.Б. Асанбаева

Преимущества использования кинодискурса в преподавании языковых дисциплин

В статье говорится о возможностях, которые предоставляет кинодискурс в развитии языковых навыков и компетенций обучающихся в процессе преподавания языковых дисциплин. В рамках обновлен-

ного содержания образования в стране особое внимание уделяется тому, чтобы учащиеся применяли полученные знания по каждому предмету в жизни, становясь функционально грамотными личностями. В этом контексте большую актуальность приобретает поиск оптимальных средств обучения и методов по методике преподавания языковых дисциплин. Авторами статьи предпринята попытка раскрыть потенциал кинофильмов в развитии навыков аудирования, говорения, чтения, письма и формирования словарного запаса обучающихся, а также в овладении национально-культурными аспектами языка при изучении языковых дисциплин, в том числе и казахского языка. В ходе исследования были рассмотрены вопросы эффективности использования кинофильмов в качестве дидактического пособия. Приведены выводы ученых, проводивших исследования в этом направлении. Также на основе кинодискурса были проанализированы психологический аспект и лингводидактические возможности организации учебного процесса. На примере одного фильма (казахстанский кинофильм «Биржан сал») были проанализированы типы заданий, которые можно представить как данный тип дискурса. Результаты проведенного исследования показали, что изучение кинодискурса может внести значительный вклад в познание языка в его реально существующем облике, в овладение национальным мировоззрением и языковой картиной мира народа, являющимся носителем этого языка.

Ключевые слова: кинодискурс, методика обучения языку, обучение казахскому языку, дискурс кинофильмов, лингводидактика.

E.B. Assanbayeva

Advantages of using a film discourse in teaching language disciplines

The article will tell you about the opportunities that film discourse provides in the development of language skills and competencies of students in the process of teaching language disciplines. As part of the updated content of education in the country, special attention is paid to ensuring that students apply the knowledge gained in each subject in life, becoming functionally literate individuals. In this context, the search for optimal teaching aids and methods for teaching language disciplines becomes more relevant. In this article, we tried to reveal the potential of films in the development of listening, speaking, reading, writing and vocabulary skills of students, as well as in mastering the national and cultural aspects of the language in the study of language disciplines, including the Kazakh language. In the course of the study, the effectiveness of the use of motion pictures as a didactic aid was examined and proved by the conclusions of scientists who conducted research in this direction. The results of the study showed that film discourse can make a significant contribution to the knowledge of the language in its real-life form, to the mastery of the national worldview and the linguistic picture of the world of the people who are the native speakers of this language.

Keywords: film discourse, language teaching methodology, Kazakh language teaching, film discourse, linguodidactics.

References

- 1 Aimaityov, Zh. (1924). *Tarbiege zhetekshi [Parenting Guide]*. Orynbor: Qazmembas [in Kazakh].
- 2 Plankova, V.A. (2011). Prakticheskii aspekt problemy ispolzovaniia videofilmov pri obuchenii audirovaniu na starshei stupeni obucheniia [The practical aspect of the problem of using videos in teaching listening at the senior level]. *Magister Dixit*, 4, 188–199 [in Russian].
- 3 Vorobeva, G.V., & Baturina, L.A. (2012). Rol audiovizualnykh sredstv obucheniia v protsesse prepodavaniia russkogo yazyka kak inostrannogo (iz opyta raboty) [The role of audiovisual teaching aids in the process of teaching Russian as a foreign language (from work experience)]. *Izvestiia VolgGTU — Proceedings of the VolgSTU*, 10, 153–155 [in Russian].
- 4 Beacco, J.C. (2008). Qu'est-ce que l'éducation plurilingue? Le français dans le monde. *Janvierfevrier*, 355, 40-41 [in French].
- 5 Begiyovich, O.S. (2009). Kino v obuchenii inostrannym yazykam [Cinema in teaching foreign languages]. *Vestnik YUUrGU. Seriya Lingvistika — Bulletin of SUSU. Series Linguistics*, 2 (135), 75–77 [in Russian].
- 6 Zimnyaya, I.I. (1991). *Psikhologiya obucheniia inostrannomu yazyku v shkole [Psychology of teaching a foreign language at school]*. Moscow: Vysshaia shkola [in Russian].
- 7 Komenskiy, Ya.A. (1939). *Izbrannye pedagogicheskie sochineniia. Vol. 1. [Selected pedagogical works. Volume 1]*. Moscow: Uchpedgiz [in Russian].
- 8 Ushinskiy, K.D. (1990). Chelovek kak predmet pedagogicheskoi antropologii: Opyt pedagogicheskoi antropologii [Man as a Subject of Pedagogical Anthropology: Experience of Pedagogical Anthropology]. *Pedagogicheskie sochineniia: [V 6 tomakh]. Pedagogical Essays*, 6(1). Moscow: Pedagogika [in Russian].
- Denisov, V.G., Onishchenko, V.F., & Skripets, A.V. (1983). *Aviatsionnaia inzhenernaia psikhologiya: uchebnik [Aviation engineering psychology: textbook]*. Moscow: Mashinostroenie [in Russian].